

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023. 10(1)
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2022
© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Қазақстан).

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан).

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ).

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан).

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан).

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ).

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан).

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан).

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kùltür Arařtırma Merkezi. (Түркия).

Римантас Желвис (Želvy's Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва).

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан).

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан).

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан).

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан).

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан).

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Жәлиқызы Раушан — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК (Казахстан).

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК (Казахстан).

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет, (США).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет, (США).

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан).

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова (Казахстан).

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан).

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан).

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан).

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция).

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва).

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК (Казахстан).

Сыдыков Ерлан Батгашевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан).

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ОТВЕТСТВЕННЫЙ СЕКРЕТАРЬ

Жалиқызы Раушан — младший научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK (Kazakhstan).

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan).

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SC MSHE RK (Kazakhstan).

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university, (USA).

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University (USA).

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan).

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

Kozhamzharova Daria Perneshovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan).

Kozhirova Svetlana Bassievna — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan).

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas, (USA).

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan).

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan).

Matyzyanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan).

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford (UK).

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kùltür Arařtırma Merkezi). (Turkey).

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania).

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK (Kazakhstan).

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan).

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan). E-mail:aina__78@mail.ru

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan).

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

EXECUTIVE SECRETARY

Zhalikyzy Raushan — Master in humanitarian sciences, junior researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan). E-mail: rosh85@mail.ru

Published in the Republic of Kazakhstan
 Edu.e-history.kz
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 10. Is. 1, pp. 97–110, 2023
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МПНТН / IRSTI 03.29.
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_33_1_97-110

THE MAIN ACTIVITIES OF THE CENTRAL STATE MUSEUM IN THE PERIOD BETWEEN 1940S AND EARLY 1950S

Nursulu Duisenova^{1*}, *Bolat Smagulov*²

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko St., 050010. Almaty, Republic of Kazakhstan)


Cand. Sc (History), Leading Research Associate

 <https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>, e-mail: nur_sulu18@mail.ru

*Corresponding author

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (28, Shevchenko Str., 050010. Almaty, Republic of Kazakhstan)

Cand. Sc (History), PhD (History), Leading Researcher

 <https://orcid.org/0000-0002-7323-0515>, e-mail: bolat_alemdar@mail.ru

© N.K. Duisenova, B.Q. Smagulov, 2023

Abstract. *Introduction.* The period between 1940s and early 1950s, which is characterized by the world war and the political repression that began in the post-war period in the USSR, is an extremely important era in the history of Kazakhstan. The war and the political situation in the country have influenced all spheres of society (including the museum sphere). *Goals and objectives.* The purpose of the study is to analyze the main activities of the Central State Museum in the specified period. To achieve the goal, it is supposed to solve the following tasks, including: studying the features of the activities of the Central State Museum in the period of the II World War, the characteristic of the expeditionary activity of the museum, as well as the influence of Soviet ideology on the activities of this museum. *Results.* The specified period was marked by the next turn of political repression in the USSR. Therefore, the authors dwell on a campaign organized with the aim of discrediting the leadership of the Central State Museum, including the director of the museum A.M. Zhirensin. *Conclusions.* The authors come to the conclusion that, in general, the ideology of the fight against “bourgeois-nationalist elements” in the USSR and the Kazakh SSR had a negative impact on the development of the museum.

Keywords: Central State Museum, museum business, museum management system, exposition, composition of employees, The Second World War, ethnographic expeditions of the museum

Acknowledgments. The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Development of the academic edition "History of Kazakhstan from ancient times to the present day" in 7 volumes" (Registration number AP OR 11465469).


For citation: Nursulu Duisenova, Bolat Smagulov The main activities of the Central State Museum in the period between 1940s-early 1950s // edu.e-history.kz. 2023. Т. 10. № 1. С. 97–110. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_97-110.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ 1940–1950 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Нұрсұлу Кенебайқызы Дүйсенова^{1}, Болат Құдайбергенұлы Смағұлов²*

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы, Шевченко к-сі, 28)


тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>, e-mail: nur_sulu18@mail.ru

* Автор корреспондент

²Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, 050010 Алматы, Шевченко к-сі, 28)

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, жетекші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0002-7323-0515>, e-mail: bolat_alemdar@mail.ru

© Н.К. Дүйсенова, Б.Қ. Смағұлов, 2023

Аңдатпа. *Kіріспе.* 1940–1950 жылдарында Қазақстанның тарихында өткен II дүниежүзілік соғыс һәм соғыстан кейін КСРО-да басталған саяси қуғын-сүргінмен ерекшеленетін өте маңызды кезең болып табылады. Соғыс және елдегі саяси жағдай қоғамның барлық салаларына (соның ішінде музей қызметіне де) зор әсер етті. Зерттеудің *мақсаты* – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің аталмыш кезеңдегі қызметінің негізгі бағыттарын талдау болып табылады. Зерттеудің мақсатына жету үшін келесі *міндеттердің* шешілуі көзделеді, атап айтқанда, II дүниежүзілік соғыс кезіндегі Мемлекеттік орталық музейдің қызметінің ерекшеліктерін зерттеу, музейдің экспедициялық жұмысын баяндау, сондай-ақ советтік идеологияның музей ісіне тигізген зардабын талдау болып табылады. *Нәтижелер.* Бұл уақыт КСРО-дағы кезеңімен жүргізілген саяси қуғын-сүргін науқанының басталуымен өзгешеленеді. Сондықтан авторлар Мемлекеттік орталық музейдің басшылығына, соның ішінде музейдің директоры Ә.М. Жиреншинге қарсы ұйымдастырылған оның беделін түсіру кезіне ерекше тоқталады. *Қорытынды.* Авторлар КСРО-да және де Қазақ ССР-інде әртүрлі «буржуазияшыл-ұлтшылдық элементтерге» қарсы күресу идеологиясы Қазақстанның орталық музейінің жан-жақты дамуына кері әсерін тигізді деген қорытынды шығарады.

Түйін сөздер: мемлекеттік орталық музей, музей ісі, музейді басқару жүйесі, экспозициялар, қызметкерлер құрамы, II дүниежүзілік соғыс, музейдің этнографиялық экспедициялары

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы» академиялық басылымын жеті томдық етіп әзірлеу» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: OR 11465469). Тақырыбындағы ғылыми жобаны орындау аясында дайындалған.


Дәйексөз үшін: Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.К. Мемлекеттік орталық музейдің 1940–1950 жылдардың бас кезеңіндегі қызметінің негізгі бағыттары // edu.e-history.kz. 2023. Т. 10. № 1. С. 97–110. (Қаз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_97-110.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ В ПЕРИОД 1940 – НАЧАЛА 1950-Х ГОДОВ

Нурсулу Кенебаевна Дуйсенова^{1*}, Болат Кудайбергенович Смагулов²

¹Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, 050010 Алматы, ул. Шевченко, 28)


кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0003-3259-1549>, e-mail: nur_sulu18@mail.ru

*Корреспондирующий автор

²Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, 050010 Алматы, ул. Шевченко, 28)

кандидат исторических наук, доцент, ведущий научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0002-7323-0515>, e-mail: bolat_alemdar@mail.ru

© Н.К. Дуйсенова, Б.К. Смагулов, 2023

Аннотация. *Введение.* Период 1940 – начала 1950-х гг., характеризующийся шедшей в это время II мировой войной и начавшимися в СССР в послевоенный период политическими репрессиями, является крайне важной эпохой в истории Казахстана. Война и политическая ситуация в стране оказали влияние на все сферы общества (в том числе, и на музейную). *Цель* исследования — проанализировать основные направления деятельности Центрального государственного музея в указанный период. Для достижения поставленной цели предполагается решение ряда задач, в том числе: изучение особенностей деятельности Центрального государственного музея в период II мировой войны, характеристика экспедиционной деятельности музея, а также влияние советской идеологии на работу данного музея. *Результаты.* Указанный период был отмечен очередным витком политических репрессий в СССР. Поэтому авторы останавливаются на кампании, организованной с целью дискредитации руководства Центрального государственного музея, в том числе директора музея А.М. Жиреншина. *Выводы.* Авторы приходят к выводу о том, что в целом идеология борьбы с «буржуазно-националистическими элементами» в СССР и Казахской ССР оказала негативное влияние на развитие музейного дела.

Ключевые слова: центральный государственный музей, музейное дело, система управления музеем, экспозиции, состав сотрудников, II мировая война, этнографические экспедиции музея

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Разработка академического издания «История Казахстана с древнейших времен до наших дней» в семи томах» (регистрационный номер: OR 11465469).

Для цитирования: Дюсенова Н.К., Смагулов Б.К. Основные направления деятельности Центрального государственного музея в период 1940 – начала 1950-х годов // edu.e-history.kz. 2023. Т. 10. № 1. С. 96–109. (Каз.) DOI: 10.51943/2710-3994_2023_33_1_97-110.

Кіріспе

Қазіргі таңда Мемлекеттік орталық музей Қазақстандағы ең ірі музей болып, көп жылдық тарихымен белгілі және де өзінің тарихи даму процесінде музей бірнеше кезеңнен өтті. Қоғамдық өмірде музейлер қазақ халқының дәстүрлі киім-кешегін, кілемдерін, түрлі-түрлі тұрмыс заттарын және т.б. сақтауда өте маңызды рөл атқарады. Уақыт өткен сайын дәстүрлі мәдениеттің көптеген элементтері жоғалып кете береді. Сондықтан қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне қатысты мұраны жинап, жүйелеп, атрибуциясын жасап сақтау қазіргі кезеңде өте

өзекті екенін айта кету керек. Бұл ретте музейлер, соның ішінде Мемлекеттік орталық музей де, Кеңес Одағы кезінде Қазақстанның әртүрлі өңірлеріне экспедициялар ұйымдастырып, сол жылдары әлі қолданыста болған дәстүрлі заттарды, фольклорлық әрі этнографиялық, сондай-ақ археологиялық материалдарды жинап, үлкен жұмыс атқарды.

Белгілі бір тарихи кезеңде музейде орын алған процестерді зерттеу, оның дамуындағы заңдылықтарды ашу және де жалпы алғанда советтік биліктің музей саласындағы саясатының ішкі мазмұнын анықтап түсіну қазіргі музейтанудың ең өзекті һәм маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мемлекеттік орталық музей Қазақстандағы ең ірі музей болып, көп жылдық тарихымен белгілі және де өзінің тарихи даму процесінде музей бірнеше кезеңнен өтті. Белгілі бір музейдің тарихын зерттеу екі түрлі маңызға ие. *Ғылыми* тұрғыдан қарағанда, бұл музей саласына әсер ететін әртүрлі факторларды, осы саланың дамуындағы ішкі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, музейлердің тарихы еліміздің тарихымен байланысты екенін ескерсек, бұл бүкіл Қазақстан тарихының кейбір аспектілерін тереңдеу ашуға септігін тигізеді. *Әлеуметтік* жақтан қарайтын болсақ, музей тарихын зерттеу еліміздің тарихында орын алған процестерді түсінуге, өлкетану жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді. Бірқатар зерттеушілер Мемлекеттік орталық музей тарихының сан алуан қырларын зерттегенімен, көптеген аспектілер қарастырылмай қалды.

Материалдар мен әдістер

Осы мақаланы жазғанда негізінен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің қорларында сақталатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейіне қатысты советтік билік органдарының нормативтік-құқықтық актілері, нұсқаулықтары, ресми хаттары, партиялық органдардың ресми шешімдері мен қаулылары, сондай-ақ Мемлекеттік орталық музейдің ішкі құжаттары (бұйрықтар, хаттамалар және т.б.) қолданылды. Пайдаланған архивтік құжаттар репрезентативті деп ерекше айта кету керек. Өйткені жалпы алғанда, аталмыш құжаттар нақты фактілерді беріп, Мемлекеттік орталық музейдің негізгі бағыттарын аша отырып, оның дамуындағы ішкі заңдылықтарды көрсетеді.

Осы мақаланы жазғанда, келесі ғылыми әдістер қолданылды. Біріншіден, музей саласындағы әртүрлі процестердің хронологиялық аспектіде дамуын зерттейтін *диахрондық әдісті* айтып отырмыз. Яғни диахрондық әдісті қолданғанда, музей саласындағы орын алған өзгерістерді (мысалы, аталмыш саланың басқару жүйесі мен құрылымы қалай өзгергенін) анықтауға болады. Екіншіден, мақалада қолданылған *факторлық талдау әдісі* музей саласындағы әртүрлі факторлардың (идеологиялық, мемлекеттік саясат және т.б.) музейдің дамуына қалай, қай дәрежеде әсер еткенін анық көрсетеді. Яғни ХХ ғасырдың 40 жылдары Қазақстан тарихындағы күрделі кезең болып музей саласында орын алған әртүрлі және қайшылықты процестерді анық көрсетеді. Өйткені сол кезең музейлердің қызметіне әсер еткен саяси-идеологиялық, материалдық-техникалық сынды әртүрлі факторлармен ерекшеленеді. Үшіншіден, *контекстуалдық талдау әдісін* қолдану арқылы әртүрлі оқиғалардың қандай жағдайда (мысалы, соғыс кезінде) орын алғанын көруге болады. Яғни орта (мысалы, елдегі шиеленіскен саяси оқиғалар) не болса да, бәрібір белгілі бір объекті үшін қолайлы (немесе қолайсыз) жағдай жасайды.

Осылайша, жалпы алғанда, аталмыш әдістер музейдің тарихи дамуындағы әртүрлі процестерді ашып, бұлардың ерекшеліктерін анықтап, жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

Талқылау

Мемлекеттік орталық музейдің тарихына қатысты әртүрлі аспектілерді қамтитын бірқатар ғылыми жұмыстар жазылды. Жарияланған еңбектерді бірнеше топқа бөлуді жөн деп сайнаймыз.

Бірінші топқа қазіргі музей саласының дамуы мәселесіне арналған теориялық еңбектерді жатқызамыз. Мысалы, белгілі ғалым Нұрсан Әлімбаевтың мақаласы (Әлімбаев, 2009) аталмыш музейдің ғылыми-зерттеу ұйымы ретіндегі жағдайына арналған. Ал А.К. Сатубалдин Қазақстан музейлерінің қызметіне талдау жасап, Мемлекеттік орталық музейдің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысты кейбір мәліметтер келтірді (Сатубалдин, 2000: 123). Г. Темиртон мен А. Канафинаның мақаласында қоғамдағы мәдени-әлеуметтік өзгерістердің музей саласына деген әсері баяндалады (Темиртон және т.б., 2015).

Келесі топқа Мемлекеттік орталық музейдің коллекцияларының кейбір түрлері мен музей заттарын сипаттайтын еңбектер жатады. Атап айтқанда, осы топқа, мысалы, О.А. Мякишеваның фарфордан жасалған жапондық тостағанын сипаттайтын мақаласын (Мякишева, 2009), Е.А. Жасыбаевтың (Жасыбаев, 2009) қарудың бір түрін талдайтын ғылыми жұмысын, Қалиолла Ахметжанның қазақтың сауыт жарақтарына арналған (Ахметжан, 2009) еңбегін, сондай-ақ Ш.С. Тұрсынбаеваның кескіндеу өнері туындыларына байланысты кейбір мәселелерді талдаған (Тұрсынбаева, 2015) мақаласын және т.б. ғылыми еңбектерді жатқызуға болады.

Үшінші топқа Мемлекеттік орталық музей тарихының жекелеген қырларын қамтитын ғылыми мақалалар жатады. Хронология тұрғысынан қарағанда, осы топқа жататын ғылыми мақалалардың бір бөлігі Мемлекеттік орталық музейдің революцияға дейінгі (1917 ж.) және (немесе) 1917 жылғы революциядан бастап ІІ дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңді қамтиды (Жиренчин, 1947; Кайназарова, 1995; Мусаханова, 1995; Ибраева, 1999; Абдеш, 2001; Алимбай және т.б., 2009; Ермекбаева және т.б., 2022). Аталмыш музейдің тарихына арналған кейбір ғылыми еңбектерде Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі кезең (1991 жылдан бастап) көрініс тапты (Санақұлова, 2000; Капышев және т.б., 2021). Яғни Мемлекеттік орталық музейдің тарихына арналған бірқатар ғылыми еңбектердің бар екендігіне қарамастан, бұлар біз белгілеген кезеңге жатпайды.

Рас, Мемлекеттік орталық музейдің ІІ дүниежүзілік соғыс кезеңі мен соғыстан кейінгі жылдардағы тарихын баяндайтын ғылыми еңбектердің бар екенін айта кету керек (Асанова, 2006, 2009; Тайман, 2000; Ибраева, 2010; Дюсенова, 2014). Осы еңбектерде Мемлекеттік орталық музейдің тарихи дамуына байланысты сан алуан әрі өте маңызды мәліметтер келтірілген. Бірақ біздің ойымызша, аталмыш ғылыми зерттеулерде кейбір мәселелер, яғни Мемлекеттік орталық музейдің басқару жүйесі мен құрылымы, оның материалдық-техникалық базасы, экспедициялық қызметі музей қызметкерлерін әлеуметтік қамсыздандыру сынды мәселелер жеткіліксіз зерттелген. Сондықтан осы мақалада белгілі бір дәрежеде зерттелмей қалған аспектілерге көңіл бөлуді көздейміз.

Нәтижелер

Мемлекеттік орталық музейдің 1940–1950 жылдардың бас кезеңіндегі қызметін бірнеше бағытқа бөлуге болады.

Орталық мемлекеттік музейді басқару жүйесі. КСРО-дағы музейлерді басқару жүйесі Қазақстанда да ажырамас бөлігі болған. Яғни, 1945 жылға дейін Қазақстанның музейлерді басқару жүйесі Қазақ КСР Халық ағарту комиссарлығының қарамағында болды. ІІ дүниежүзілік соғыстан кейін музейдің ведомстволық қарамағындағы өзгерістер болғанын атап өткен жөн. Атап айтқанда, КСРО ХКК-нің 1945 жылғы 3 шілдедегі № 1552 қаулысына және Қазақ КСР ХКК-нің 1945 жылғы 24 тамыздағы қаулысына сәйкес, барлық тарихи-өлкетану музейлері Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы Мәдени-ағарту мекемелері істері жөніндегі Комитеттің қарамағына берілді (ҚР ОМА. 1890-қ. 1-т. 731-іс. 85-п.). Содан кейін 1945 жылдан 1953 жылдың мамырына дейін Мемлекеттік орталық музей Қазақ КСР Министрлер кеңесі жанындағы Мәдени-ағарту мекемелері істері жөніндегі комитетіне бағынатын, ал 1953 жылдың


мамырынан бастап тікелей Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің қарамағына өтті (ҚР ОМА. 1308-қ. 2-т. 75-іс. 45-п.).

1940 жылдардың екінші жартысында Мемлекеттік орталық музейдің құрылымында бірнеше бөлімдер, яғни жаратылыстану және табиғат, тарих, социалистік құрылыс, Отан соғысы, қор сақтау, көпшілік-экскурсиялық жұмыс, Қазақстанның көрнекті тұлғалары бөлімдері, сондай-ақ Бейнелеу өнері секторы және халық шығармашылығы секторы болды. Сонымен қатар, музейде ғылыми кітапхана (17 мыңнан астам кітап), фото зертханасы, шеберхана, кеңсе және бухгалтерия жұмыс істеді. Ал Тарих бөлімі, Отан соғысы және Қазақстанның көрнекті тұлғалары бөлімдері мен Бейнелеу өнері секторы ІІ дүниежүзілік соғыс жылдарында құрылды (ҚР ОМА. 1876-қ. 5-т. 25-іс. 32–33-п., 39 а).

Музей директорының жанында екі кеңес жұмыс істеді: ғылыми және көркем. Ғылыми кеңес тоғыз адамнан тұрды, оған тарихшы ғалымдар, әдебиетшілер, лингвистер мен геологтар, ал көркемдік кеңес жеті адамнан тұратын, соның құрамына суретшілер мен өнертанушылар кірді. Сондай-ақ, төрт адам (музей мамандары) бағалау-сараптау комиссиясының мүшесі болды (ҚР ОМА. 1876-қ. 5-т. 25-іс. 33-п.).

1950 жылы 20 сәуірде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мәдени-ағарту мекемелері істері комитеті «Қазақ КСР Орталық мемлекеттік музейі туралы Ережені» бекітті; осы құжатқа сәйкес, музей ғылыми-зерттеу, әдістемелік, мәдени-ағарту мекемесі ретінде көрсетілді (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 731-іс. 291-п.). Аталған уақытта музей құрамында үш экспозициялық бөлім болды: табиғат, Қазақстанның революцияға дейінгі тарихы, екі бөлімшеден тұратын советтік кезең тарихы бөлімшесі және Қазақстанның социалистік шаруашылығы мен мәдениеті бөлімшесі (Кар.: 1-сурет). Осы құжатта музейдің барлық функциялары көрсетілген.

Бұдан бұрын 1947 жылдың бірінші жартысында Мәдениет және ағарту мекемелері істері жөніндегі комитеттің тапсырмасы бойынша, Мемлекеттік орталық музей «Облыстық өлкетану музейлері туралы ережені» және «Өлкетану музейлерінің құрылымын» (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 185–186-п.) жасады. Мысалы, осы құжаттарды басшылыққа алып, музей 1950–1951 жылдары Жаркент музейіне экспозиция құруға әдістемелік көмек көрсетті (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 233-іс. 92-п.).



1-кесте. Қазақ КСР Мемлекеттік орталық музейін басқару құрылымы (1950 жылдардың бас кезеңі) (Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1950 жылғы 20 сәуірдегі «Қазақ КСР Орталық мемлекеттік музейі туралы Ереже» бойынша).

[Fig. 1. The structure of the Central State Museum of the Kazakh SSR (early 1950s) (according to the «Regulation on the Central State Museum of the Kazakh SSR» of the Council of Ministers of the Kazakh SSR of April 20, 1950)].

II дүниежүзілік соғыс кезіндегі орталық мемлекеттік музей экспозициясының ерекшеліктері. 1941 жылғы 22 маусымда Германияның қарулы күштері КСРО-ға қарсы соғыс бастағаннан кейін Мемлекеттік орталық музей іс-қызметі негізгі бағыттарының бірі фашизм мен нацизмді әшкерелеу болды. Сондықтан осы мекемеде аталмыш тақырып бойынша көрмелер ұйымдастырыла бастады. Мысалы, 1942 жылы музейде «Расовая теория фашизма» («Фашизмнің нәсілдік теориясы») деген көрме ұйымдастырылды (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 54-п.). Сонымен қатар, Мемлекеттік орталық музейде революциялық идеологияға байланысты жұмыс та күшейтілді. Атап айтқанда, 1942 жылы 16 маусымда Қазақ КСР Халық ағарту комиссары Н. Посеуковтың айтуынша, Қазақстанның барлық музейлері, соның ішінде Мемлекеттік орталық музей, «кеңес фольклорының жазбаларын, көсемдер Ленин мен Сталиннің және олардың жақын серіктері, Отан соғысы, қызыл әскерінің батырлығы, 1916 жылғы көтеріліс пен 1917 жылғы төңкеріс батырлары туралы ауызша дәстүрлер мен әндерді жинауға; революциялық фольклорды, яғни ертегілерді, әндерді, аңыздарды, салт-дәстүрлерді, онда еңбекші бұқараның таптық күресін және халықты қанайтын күштерді, езгіні бейнелейтін, ең жақсы әңгімешілерді, ақындарды есепке алуға, олардың репертуарын жазуға, материалдық мәдениетке қатысты қаттарды, қабырларды, балбал тастар жазулары мен суреттері бар ескерткіштерді есепке алуға» тиіс болды (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 43-б.).

Соғыс кезінде Ә.М. Жиреншин басқарған Мемлекеттік орталық музей «практикалық» мәселелерге де көңіл аударды. Өйткені советтік мемлекеттік органдар соғыс майданындағы Қызыл Әскерге жәрдемдесу мақсатында Мемлекеттік орталық музей мен басқа да музейлерден «өлкетану жұмысын насихаттауды және оқушылар арасында материал жинақтауды социалистік жарысын өрістетуді...» (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 43-п.), «... кеңестік медицинаға көмектесу үшін жабайы өсетін дәрілік өсімдіктер (валерина, итмұрын, құлпынай гүлдері мен жапырақтары және т.б.); жергілікті өнеркәсіпке көмектесу үшін-техникалық маңызы бар өсімдіктер: бояу, каучук және т.б.; жаңа пайдалы қазбаларды жинау және анықтау – минералды тұздар мен бояулар, минералды құрылыс материалдарын...» жинауды талап етті (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 43-б.).

Мемлекеттік орталық музей басшылығы бірқатар бағыттар бойынша жұмыс жүргізгенімен, ағарту халық комиссары Н. Посеуковтың атына жазған баяндамасында 1942 жылы мамырда осы музейдің директоры музей қызметінің бірқатар проблемаларын атап өтті:

- Қазақстан тарихы музейінде жарық аз және жетіспейді; материалдар және экспонаттар жұпыны, әсіресе қазақтардың тұрмысы мен мәдениетінен, Қазақстанның тарихи тұлғалары бөлімінің жоқтығы және т.б.;
- Қазақстанның, жалпы Орта Азияның тұрмысы мен мәдениетін жақсы білетін және т.б. қазақ ғылыми қызметкерлері кадрларының болмауы;
- музей экспозициясын жақсарту және оны құнды экспонат және материалдармен байыту үшін бюджетке аз және жетіспейтін қаражат бөлу;
- ғылыми қызметкерлердің төмен жалақысы, яғни «... 400-ден 500 сомға дейін, оған білікті жұмысшыларды табу өте қиын»;
- мемлекеттік жәдігерлер мен құндылықтарды есепке алмау («ғылыми кітапхана ретінде кейбір бөлімдерде 3–4 жыл ішінде түгендеу болған жоқ, нәтижесінде 500-ге жуық кітап жоқ»);
- КСРО-ның басқа одақтас республикаларының музейлерімен байланыстың болмауы;

- музей ғылыми қызметкерлерінің ғылыми-экспозициялық және жеке шығармашылық жұмыс жоспарларының болмауы (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 55-п.);

II дүниежүзілік соғыстан кейін 1947 жылы Мемлекеттік орталық музейде түгендеу (инвентаризация) жүргізілді. Соның қорытындысы бойынша, музейде 1 миллион 860 мың сомнан астам 12600 экспонат сақталды. Музей экспонаттары бірегей тарихи, мәдени, этнографиялық дереккөздер болды. Мысал ретінде Амангелді Имановтың күнделігін, ақындар Науаи мен Низамидің шығармаларының «қолжазба-басылымдарын», композитор Жаяу-Мұсаның скрипкасын, ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің жеке заттары мен қолжазбасын, Әміре Қашаубаевтың домбырасы мен жеке заттарын, Әбілхан Қастеевтің картиналарын және басқа да құнды музей заттарын келтіруге болады (ҚР ОМА 1308-қ. 1-т. 6-іс. 24, 25-п.).

Кадрлық құрамы және әлеуметтік саясат. 1947 жылғы ақпаратқа қарағанда, осы музейде 40 кісі жұмыс істеді, оның ішінде қазақтар, ұйғырлар мен өзбектер – 4 кісі, коммунистер – 8, музей жұмысы бойынша үш жылдан астам уақыт істегендер – 18 адам. Ғылыми дәрежесі бар – 1, жоғары білімі бар – 14, орта білімі бар – 9 кісі. Басшы және ғылыми қызметкерлердің 75 %-жоғары білімі және музей жұмысының тәжірибесі болған (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 22-п.).

Әскери және соғыстан кейінгі жылдары Мемлекеттік орталық музейде қызметкерлерді материалдық қолдау мен ынталандырудың әртүрлі формалары қолданылды. Мәселен, 1945 жылы Жоғары мектеп пен ғылыми мекемелер одағы арқылы осы мекеменің қызметкерлері киім мен мата (пальто, көйлек, костюм, шалбар, галош, мата), азық-түлік (мұқтаж майдангерлердің отбасыларына арналған төрт пұт ұн) сатып алу үшін 150-ден астам өнеркәсіптік орден мен талон алды. Өз тарапынан музейдің басшылығы қызметкерлерді арнайы киіммен («халат-көйлек») қамтамасыз етті, ақшалай-материалдық көмек көрсетті және т.б. (ҚР ОМА РК. 1876-қ. 5-т. 25-іс. 41-п.).

1947 жылғы мәліметтер бойынша, Қазақстандағы ғылыми қызметкерлер мен музей директорларының жалақысы айына 400–550 сомды құрады (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 78-іс. 182-п.). Облыстық музейлердің 14 директорының тек төртеуінің ғана білімі жоғары болды, қалғандары орта біліммен, ал музей дайындығымен бірде-біреуі болған жоқ. Атап өткендей, «Орталық мемлекеттік музей осыған байланысты жақсы жағдайда. Оның барлық дерлік басшы және ғылыми қызметкерлерінің жоғары білімі бар. Олардың жалақысы көтерілді, бірақ мұнда тек екі адамның ғана арнайы музейтанушы білімі бар» (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 78-іс. 183-п.). Бұл ретте 1944–1945 жылдары музей штатының ұлғайуы орын алды: 1944 жылы КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы Мемлекеттік штаттық комиссия жеті бірлікті, ал келесі жылы тағы жетеуін қосып, Мемлекеттік орталық музейдің штатын 14 бірлікке ұлғайтты, бұл бүкіл музей штатының 40%-ын құрады (ҚР ОМА. 1876-қ. 5-т. 25-іс. 40-п. с.ж.).

Сонымен қатар, жағдай ұзақ уақыт бойы музей қызметкерлерінің негізгі кадрлардың ауысуы мен жинақталмауымен күрделене түсті. 1941 жылы музейге 50 адам жұмысқа қабылданып, 58 адам жұмыстан шығарылды. Аталған жылы ғылыми хатшы лауазымы бос қалды (18 қыркүйектен бастап жыл соңына дейін), тарих бөлімінің меңгерушісі (30 қыркүйек-жыл соңына дейін), бұқаралық бөлімінің меңгерушісі (25 тамыздан бастап жыл соңына дейін), кітапхана меңгерушісі (30 шілдеден бастап жыл соңына дейін), суретші-безендіруші лауазымдары (5 ақпаннан 27 қарашаға дейін), ағаш ұстасы (13 тамыздан бастап жыл соңына дейін), электромонтер (23 шілдеден бастап жыл соңына дейін), әлеуметтік құрылыс бөлімінің ғылыми қызметкері (23 шілдеден бастап жыл соңына дейін). Әлеуметтік құрылыс бөлімінің меңгерушісі 4 мамырдан 4 маусымға дейін еңбек демалысында, 4 маусымнан 10 шілдеге дейін әскери қайта даярлауда болды, ал 19 қыркүйек – 17 қараша аралығында уақытша директор міндетін атқарды. Музей директоры 6 қыркүйектен 17 қарашаға дейін егін жинау іссапарында болды. Кадрлардың ауысуы бірқатар себептермен түсіндірілді: 1941 жылғы 2 сәуірден 3

қыркүйекке дейін музейдің 2 ауысымдық жұмысқа өтуі, бірқатар қызметкерлердің ЖШҚӘ (Жұмысшы-шаруа Қызыл Әскері) қатарына кетуі, музейдің кейбір ғылыми қызметкерлерін Қазақ КСР Халық Комиссарлығының басқа жұмысқа ауыстыруы және соғыс уақытының себептері бойынша штаттардың қысқаруы (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 63-п.).

Бұл ретте, 1941 жылғы музей жұмысы туралы есепте аталғандай, «ұзақ уақыт бойы бос лауазымдарды жалақы қорының артық шығыны себебінен толтыру мүмкін болмады, бұл штаттардағы айналым, өтемақы төлеу және Қызыл Әскерге кеткендерге және басқа себептермен жұмыстан шығарылғандарға жұмыстан босату нәтижесінде пайда болды... » (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 63-п.).

Музейдің басты мәселесі оның қызметкерлерінің едәуір бөлігінің біліктілігінің төмендігі болды. Сонымен, музейдегі соңғы түгендеу 1938 жылы өтті. Жәдігерлерді бір меңгерушіден екіншісіне қабылдау және тапсыру түсімдер кітабы бойынша емес, қоймада заттардың бар-жоғының жасалған тізімдері бойынша. Бұл ретте мыналар атап өтілді: «Алдыңғы меңгерушілердің білімдерінің шала болуына байланысты тізімдер мұқиятсыз жасалды, көптеген қателіктер, шатасулар бар, оларды тек экспонаттарды толық түгендеу арқылы жөндеуге болады. Мысалы, бөлімді (сақтау бөлімін тапсыру кезінде. – *авт.*) ж. Сәрсенбаева, Ж. Копылова біріншісінің актісі бойынша 400-ге жуық экспонат нөмірлерінің жетіспейтіндігін білдіреді, ал екіншісінде тізімдеме бойынша шамамен бірдей артық... экспонаттар болды» (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 68-п.).

1941 жылы экспонаттарды сақтау музейдің жағыдайының жарамсыздығы атап өтілді: «... күндізгі жарықтың, желдетудің, шаңсорғыштың болмауы, тар, пешті көмірмен жылыту, соның арқасында көмір шаңы экспонаттарға зиянды әсер етеді, экспонаттардың барлық түрлері бір бөлмесінде — картиналар, макеттер, кілемдер, киіздер, құстардың тұлыбы және т.б.» (ҚР ОМА. 1308-қ. 1-т. 280-іс. 68-п.).

Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары Мемлекеттік орталық музей ғимаратын жөндеу туралы мәселе. 1944 жылы Үкімет қаулысымен осы мекеме бірінші санаттағы музейлерге жатқызылды (ҚР ОМА. 1876 қ. 5 т. 25 іс. 32 п.). 1945 жылғы мәліметтер бойынша, музей 3 мың шаршы метр аумақты алып жатты. Бұл аумақ музейдің жұмыс істеуі үшін жеткіліксіз болған, оның қажеттіліктерін 30 %-ын ғана қанағаттандырды. Музей директоры А.М. Жиреншин атап өткендей, «...музейдің одан әрі өсуіне және кеңеюіне мүмкіндік бермейтін қосымша кеңістіктің қажеттілігі ерекше сезіледі» (ҚР ОМА. 1876-қ. 5-т. 25-іс. 32-п.).

Бұл жағдай музей экспонаттарын көруге және сақтауға жарамсыздығымен қиындады. Музейде өндірістік зертханалар мен ғылыми кабинеттерге арналған бөлмелер, музей құндылықтары болмады. Сонымен қатар, экспозиция үшін қалыпты температурасы бар жарық кең залдар қажет болды, ал қорларды сақтау үшін экспозицияға сөрелерді орнатуға арналған құрғақ кең бөлмелер қажет болды. Сол кезде Мемлекеттік орталық музейде аталған ештеңе болған жоқ. Осыған байланысты музей директоры Жиреншин музейдің жаңа ғимаратын салу туралы мәселе көтеріп, температураның күрт ауытқуы, жылытудың болмауы, табиғи жарықтың жеткіліксіздігі «... тарихи және мәдени құндылықтар сөзсіз бүлінуге және біртіндеп жойылуға ұшырайды», бұл «... әрине, жылдар бойы музеймен бірге Қазақстанның мәдени мұрасының сақталуына қауіп төндіреді...» (ҚР ОМА. 1876-қ. 5-т. 25-іс. 32, 32-п.).

1946 жылдың 1 тамызына қарай Мемлекеттік орталық музей Мемлекеттік жоспарға құрылыс материалдарына өтінім рәсімдеді. Музей ғимаратын жөндеу үшін үкімет 40 мың сом бөлді (ҚР ОМА 1876-қ. 5-т. 25-іс. 31-п.). 1947 жылдың қарашасына қарай музей ішінде, экспозициялық залдарда және жұмыс орындарында жөндеу жұмыстары жүргізілді: барлық қабырғалар майлы бояумен боялған, бұл «..музей залдарын толығымен жаңартты және жарықтандырды». Жөндеу сапасын арнайы комиссия «жақсы» деп бағалады. Жөндеудің ұзақтығы шамамен бір айды құрады (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 21-п.).

Соғыстан кейінгі жылдары Мемлекеттік орталық музей ұйымдастырған экспедициялар. Музей 1947 жылдың жаз–күзінде 11 жылда алғаш рет (1936 жылдан бастап) Қазақстан тарихы мен этнографиясы бойынша жаңа экспонаттар жинау мақсатында екі экспедиция ұйымдастыруды жоспарлады. Бірінші экспедиция маусым айының ортасында Абай, Баянауыл және Қарқаралы аудандарына (Семей, Павлодар және Қарағанды облыстары) жіберілді. Тағы бір экспедиция 1947 жылдың тамызына жоспарланған, яғни Қостанай облысының Амангелді және Торғай аудандарына (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 17, 186-п.).

Бірінші экспедицияға келетін болсақ, оның мақсаты өткен және қазіргі қазақ халқының мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі мен өнері бойынша экспонаттар мен материалдарды, сондай-ақ «социалистік құрылыс жөніндегі материалдарды» жинау болды. Экспедиция барысында 1 мыңнан астам экспонат жиналды. Музей қызметкерлерінің бірқатар жарияланымдары республикалық баспасөзде шығарылды (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 78-іс. 185-п.). Экспедиция құрамында Қазақ КСР Халық суретшісі Ә. Қастеев, кинооператор И. Тынышпаев, этнограф Н. Жаналин, сондай-ақ археологтар, тарихшылар сияқты мамандар жұмыс істеген экспедиция үлкен жұмыс атқарды: қазақ халық ою-өрнектерінің мыңға жуық белгісіз үлгілері жиналды, «табиғаты жағынан мүлдем ерекше және алуан түрлі» және «... бұл ою-өрнектер колхоз ауылының қазіргі өмірінде сырмақтарды, тускигіздерді, алашаларды көркемдеу, сүйек, ағаш және металдан ою кезінде кеңінен қолданылады» (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс.17, 396-п.).

Экспедиция дәстүрлі ою-өрнектердің кеңінен таралуымен және олармен айналысатын халық шеберлерінің көптігімен қатар, патефон, шахмат, дейбұйы және басқа да өнеркәсіптік өндіріс заттары қазақ халқының тұрмысына енгенін анықтады. Ежелгі қорғандарды алдын ала археологиялық қазу нәтижесінде Андронов мәдениетінің ескерткіштері ашылды (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 2-іс. 18-п.). Экспедиция қатысушылары «халық шеберлері жасаған үлкен үлгілі алты қанатты қазақ киіз үйін» әкелді (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 396-п.). Экспедиция басшысы Әбусағит Жиреншиннің айтуынша, «Кеңес өкіметі жылдарында дамыған Абай, Абыралы және Баянауыл аудандарының аудандық орталықтарын жаңғыртатын көркем картиналар бейнеленген», сондай-ақ «жаңа колхоз өмірі мен мәдениеті туралы, кеңес өкіметінің жергілікті жерлердегі алғашқы ұйымдастырушылары туралы, мал басының жоспарларын асыра орындайтын колхоздар мен колхозшылар туралы көптеген материалдар жиналды» (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 396-п.).

Экспедиция қатысушылары Қоңырәулие үңгірін зерттеп шықты: «...1903 жылғы Абайдың қолтаңбасы табылды...», ал оның кіреберісінде таңбаланған қабірлер шоғырланған: «...шамасы, бұл таңбалар бір кездері болған рулық өте көне болған. Қабірлердің белгілі бір тобына қабір тастарында бейнеленген таңбалары тән болды және бұл таңбалар қазақтардың төңкеріске дейінгі кейбір рулардан мұра болды...» (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс.18–20-п.).

ҚК(б)П ОК және Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің шешімі бойынша ұйымдастырылған екінші экспедицияға (1947 жылғы 5 қазаннан 15 қарашаға дейін) келетін болсақ, комитет Мемлекеттік орталық музеймен бірлесіп, «...экспедиция мүшелері Амангелді Имановтың серіктерінен көп жаңа материалдар жиналды...» (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 21-п.). Экспедиция құрамына экспедиция басшысы, тарихшы-музейтанушы, этнограф-музейтанушы және суретші-ресімдеуші (инженер-құрылысшы) кірді (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 255-п.).

Экспедицияның мақсаты:

- 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тарихы, Амангелді Иманов, Таран және т.б. қызметі туралы тарихи-деректі және заттық материалдар жинау;
- ОММ үшін көне ескерткіштердің (қорғандар, кесенелер) эскиздерін салу;
- Амангелді Имановтың мемориалдық музейін қалпына келтіруді ұйымдастыру, оны Қазақ КСР ОММ қорларынан алынған жаңа экспонаттармен, сондай-ақ экспедиция жинаған материалдармен толықтыру;

– «ерлер, әйелдер және балалар киімдері, ыдыс-аяқтар, сырмақтар, түскиіздер, бау-басқұрлар, кебеже, жүк-аяқ, адал-бақан, қоржын, тегене, саба, сапты-аяқ» және т.б.

– Мемлекеттік орталық музей үшін жаңа заттай жәдігерлер сатып алу;

– Торғай мен Амангелді аудан орталығының эскиздерін салу, Амангелді музей-үйін табиғат аясында түсіру, сондай-ақ «батырдың отанының ең көрікті орындарын түсіру» (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 42-іс. 255-п.).

Экспедиция барысында Амангелді Имановтың мемориалдық музейіне толық реэкспозиция жүргізіліп, Амангелді Имановтың өмірі мен қызметінен оннан астам баспа материалдары жиналды (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 78-іс. 184–185-п.; 42-іс. 255-п.).

1950 жылдың жазында Мемлекеттік орталық музей құрамында төрт адамнан тұратын Алматы – Петропавл – Қарағанды – Балқаш – Алматы бағыты бойынша экспедиция ұйымдастырды (экспедицияға қатысқандар: табиғат бөлімінің меңгерушісі Ю. Платонов, суретші, екі жұмысшы) Қазақстанның солтүстік және орталығында 1 ай 10 күнге созылды. Экспедицияның қажеттілігі «... музей қорларында да, Қазақ КСР Ғылым Академиясының қорларында да, Республиканың сурет галереясының қорларында да Солтүстік Қазақстан даласы мен орманды даланың мәнді фотосуреттерін немесе түрлі-түсті пейзаждарын табу мүмкін болмады» (ҚР ОМА. 1308-қ. 2-т. 18-іс. 40, 44-п.). Осы экспедиция 1940 жылдан бастап бірінші болды, оның мақсаты «өсімдіктердің гербарий үлгілерін, топырақ монолиттерін, геологиялық және палеонтологиялық үлгілерді жинау» болды (ҚР ОМА. 1308-қ. 2-т. 18-іс. 44-п.). Экспедиция нәтижесінде Петропавл қ. маңында қара топырақтардың үш үлгісін, Қарағанды қ. ауданында каштан ағаштарының үш үлгісін және т.б., сондай-ақ өсімдіктердің 40 үлгісіне дейін (гербарий) жинау жоспарланды. Сонымен қатар, суреттер мен пейзаждар тақырыбы белгіленді, атап айтқанда:

- Солтүстік Қазақстанның орманды даласы;
- Солтүстік Қазақстанның даласы;
- жас орманды қорғау белдеулері;
- қайыңды тоғай;
- шөлді дала (ұсақ шоқылар);
- Нұра су қоймасы;
- Қарағанды бақтары; және т.б. (ҚР ОМА. 1308-қ. 2-т. 18-іс. 47, 48-п.).

Ә.М. Жиреншиннің *беделін түсіру науқаны*. 1951 жылы шілдеде «Правда» газетінде жарияланған «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» редакциялық мақаласын талқылауға арналған Қазақ КСР музей директорларының республикалық кеңесі өтті. Кеңесте «кеңестік кезеңге дейінгі тарих бөлімінің экспозицияларында жіберілген өрескел идеологиялық бұрмаланулар» туралы айтылды (ҚР ОМА. 1890-қ. 1-т. 105-іс. 15-п.).

Содан кейін Мемлекеттік орталық музейде әртүрлі тексерістер жүргізілді. Осының негізінде Ә.М. Жиреншиннің музей директоры қызметінен себепсіз алынып тасталуына әкеп соқтырған ұйымдастырушылық қорытындылар жасалды. Бұл жұмыстан босатудың мотивациясы айқын идеологиялық бағытта болды. Атап айтқанда, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мәдениет мекемелері істері комитетінің 1951 жылғы 20 шілдедегі арнайы шығарылған № 263 бұйрығында жұмыстан босату себебі былай жазылды: Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мәдениет мекемелері істері комитетінің 1951 жылғы 20 шілдедегі № 263 арнайы шығарылған бұйрығында жұмыстан шығарылу себебі былай баяндалды: «Жолдас Жиреншин республикалық музей экспозициясын салу кезінде Кенесары Қасымовтың реакциялық-монархиялық қозғалысын ұлт-азаттық қозғалысы деп көрсету, сондай-ақ Жиреншин өзінің «Абай и его русские друзья» кітабында жекелеген лайықсыз тұлғаларды Абайдың достары мен шәкірттері деп санау сияқты саяси қателіктер жіберген үшін,

осы жылдың (1951 ж. – *авт.*) 21 шілдесінен бастап Ә. Жиреншин республикалық тарихи-өлкетану музейінің директоры атқаратын қызметінен босатылсын» (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 233-іс. 18-п.).

Осы бұйрық бойынша музей директорының міндеттерін уақытша атқару 1951 жылдың 21 шілдесінен бастап осы уақытқа дейін директордың ғылым жұмысы жөніндегі орынбасары болған М.И. Поповаға жүктелді (ҚР ОМА. 1876-қ. 1-т. 233-іс. 18-п.).

Ә.М. Жиреншинге жасалған шабуылдар музей директоры қызметінен кеткеннен кейін де жалғасқанын айта кету жөн. Мысалы, 1953 жылы партиялық ұйымның жалпы партиялық жиналысында оның атына келесі айыптаулар тағылды: «Музейдің бұрынғы басшылығы, бұрынғы директор Жиреншин ұлтшылдық іс-әрекеті үшін партия құрамынан шығарылды; бұрынғы директордың ғылым бөлімінің орынбасары Есова (Сара Сәтбайқызы. – *авт.*) — партиядан шығарылған халық жауының әйелі; директордың бұрынғы орынбасары, коммунист болмаған Попова экспозицияларды идеологиялық тұрғыдан қарағанда, марксистік ұстанымда емес, Қазақстан тарихын буржуазиялық-ұлтшылдық тұрғыдан көрсетті...», «...мәселен, экспозицияларда сұлтан Кенесары Қасымовтың белгілі реакциялық феодалдық-монархиялық көтерілісі ұлт-азаттық көтеріліс деп көрсетілді...» (ҚР ОМА. 1890-қ. 1-т. 114-іс. 1-п.).

Қорытынды

Осылайша жоғарыда келтірілген материалдар төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, ІІ дүниежүзілік соғыстың кезінде жалпы алғанда, музей саласында және дәлірек айтқанда, Мемлекеттік орталық музейде идеологияға байланысты жұмыс күшейтілді, яғни музей композициясының құрылымында негізгі тақырыптар Октябрь революциясы қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, сондай-ақ фашизм мен нацизм сияқты тоталитарлық жүйенің сипаттамасы болды. Екіншіден, КСРО-да ІІ дүниежүзілік соғыстан кейінгі, әсіресе ХХ ғ. 40 жылдарының аяғында басталған кезекті қуғын-сүргін кезеңі барлық музейлерге, соның ішінде Мемлекеттік орталық музейдің жұмысына кері әсер етті. Яғни музей саласында білікті мамандардың онсыз да шамалы болғанына қарамастан көптеген ғалымдар (соның ішінде музейдің директоры Ә.М. Жиреншин де) саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Нәтижесінде Ә.М. Жиреншин белгілі тарихшы маман Мемлекеттік орталық музейдегі қызметінен идеологиялық себеппен босатылды. Үшіншіден, көрсетілген кезеңде Мемлекеттік орталық музейдің экспедициялық қызметі белсенді түрде жүргізілгені анық байқалады. Музей ұйымдастырған экспедициялар барысында оған қатысушылар қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне қатысты материал жинап (киіз үй және т.б.), Мемлекеттік орталық музейдің этнографиялық, археологиялық және Қазақстан тарихындағы революцияға байланысты қорларын толықтырды. Осы тұрғыдан қарағанда, музей әсіресе этнология ғылымының бұдан әрі дамуына көп үлес қосты. Дәл сол кездегі дәстүрлі мәдениетін зерттеуге мүмкіндік беретін тұрмыс заттары жинастырылды. Ұйымдастырылған экспедициялардың кешенді сипатқа ие болғаны да байқалады. Яғни, экспедицияның барысында этнографиялық материалдарға ғана емес, археологиялық және ботаникалық, сондай-ақ географиялық мәліметтерді жинап, жан-жақты зерттеуге де көңіл бөлінді.

ДЕРЕККӨЗДЕР

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

SOURCES

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Абдеш 2001 – *Абдеш М.* К истории возникновения Центрального государственного музея Казахстана (по материалам дореволюционных источников) // Историческая наука в XXI веке: Материалы международных Бекмахановских чтений. Ч. 2. Алматы: Қазақ университеті, 2001. С. 232–238.
- Алимбай, Ермекбаев, Ибраева, 2009 – *Алимбай Н., Ермекбаев Ж., Ибраева А.* Головной музей страны: краткий экскурс в историческое прошлое и современность // Центральный государственный музей Республики Казахстан. Фотоальбом. Алматы: Онер, 2009. С. 20–29.
- Асанова 2006 – *Асанова С.А.* Центральный Государственный музей в 40–50-е годы XX века (деятельность А. Жиренчина) // Проблемы изучения и сохранения историко-культурного наследия» 14 декабря 2005 г.: материалы республиканской научно-практической конференции КазНУ им. аль-Фараби. Алматы, 2006. С. 34–46.
- Асанова 2009 – *Асанова С.А.* Основные этапы истории музейного дела Казахстана // Музееведение и историко-культурное наследие. Кемерово, 2009. Вып. 3. С. 156–166.
- Ахметжан 2009 – *Ахметжан К.С.* Кольчужные доспехи казахов из коллекции ЦГМ РК // Орталық музей еңбектері: музей ісі, археология, тарих, деректану, антропология, этнология, фольклортану. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. II-том. С. 20–32.
- Әлімбаев 2009 – *Әлімбаев Нұрсан.* Отандық музейдің ғылыми-зерттеу институтының құрылым ретіндегі мәртебесі (Қазақстан Республикасының жаңадан дайындалу үстіндегі «Ғылым туралы» Заң жобасына негіздеме-ұсыныс) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, археология, тарих, деректану, антропология, этнология, фольклортану. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. II-том. 13–19-б.
- Дюсенова 2014 – *Дюсенова Н.К.* Ә.М. Жиреншиннің қызметі мен тағдыры // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. 2014. № 1(72). 166–172-б.
- Ермекбаева, Алимбай, Смагулов, 2022 – *Ермекбаева А.Ш., Нұрсан Алимбай, Смагулов Б.К.* Оренбургский период в истории Центрального государственного музея Республики Казахстан (1831–1929) // *Oriental Studies.* 2022. № 3. С. 436–450.
- Жасыбаев 2009 – *Жасыбаев Е.А.* Оружие времен Второй мировой войны из фондов ЦГМ РК // Орталық музей еңбектері: музей ісі, археология, тарих, деректану, антропология, этнология, фольклортану. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. II-том. 38–51-б.
- Жиренчин 1947 – *Жиренчин А.* Из истории Центрального музея Казахстана // Вестник Академии наук Казахской ССР. № 8. 1947. С. 58–61
- Ибраева 1999 – *Ибраева А.* Қазақстанда мұражай жүйесінің қалыптасуы (1920–1940 жж.): т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін диссер. автореф. Алматы, 1999. 29 б.
- Ибраева 2010 – *Ибраева А.* Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі (1831–2006 жж.). т.ғ.д. дәрежесін алу үшін дайындалған дисс... автореф. Астана, 2010. 43 б.
- Кайназарова 1995 – *Кайназарова А.К.* Музейное дело в Казахстане (1831–1925 гг.): автореф. дисс... канд. ист. наук. Алматы, 1995. 24 с.
- Капышев, Искаков, 2021 – *Капышев А.К., Искаков К.С.* Основные этапы развития музеев Казахстана в период независимости // Наука и реальность. 2021. № 1 (5). С. 132–136.
- Мусаханова 1995 – *Мусаханова М.З.* Из истории Центрального государственного музея республики Казахстан // Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан. 2006. № 2. С. 93–98.
- Мякишева 2009 – *Мякишева О.А.* Японская фарфоровая чаша из фондов Центрального государственного музея РК // Орталық музей еңбектері: музей ісі, археология, тарих, деректану, антропология, этнология, фольклортану. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. II-том. 52–56-б.
- Санақұлова 2000 – *Санақұлова Б.Қ.* Қазақстан Республикасындағы музей құрылысы мен қызметі: (1991–2004 жж.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Орал, 2006. 30 б.
- Сатубалдин 2000 – *Сатубалдин А.К.* Музейный мир Казахстана: основные направления деятельности // Вестник КемГУКИ. 2000. № 52. С. 120–129.
- Тайман 2000 – *Тайман С.Т.* Қазақстандағы музей ісінің дамуы; тәжірибелері мен проблемалары (1946–1970 жж.): дис. автореф. дис. ... канд. ист. наук. Қарағанды, 2000. 30 б.
- Темиртон, Канафина, 2015 – *Темиртон Г., Канафина А.* Музей в контексте социокультурной модернизации // Вестник КазНПУ им. Абая. Сер. «Ист. и социально-политические науки». 2015. № 4 (47). С. 156–160.
- Турсынбаева 2015 – *Турсынбаева Ш.С.* Реставрация произведений живописи: вопросы сохранения (на примере картины из фондов ЦГМ РК) // Вестник Казахского национального педагогического университета. 2015. № 4. С. 143–146.

REFERENCES

- Abdesh, 2001 — *Abdesh M.* K istorii vozniknovenija Central'nogo gosudarstvennogo muzeja Kazahstana (po materialam dorevoljucionnyh istochnikov) [On the history of the emergence of the Central State Museum of Kazakhstan (based on pre-revolutionary sources materials)]. Historical science in the 21st century: Materials of the International Bekmakhanov Readings. Part 2. Almaty: Qazaq universiteti, 2001. Pp. 232–238. (In Rus.).
- Akhmetzhan, 2009 — *Akhmetzhan K.S.* Kol'chuzhnye dosphehi kazahov iz kollekcii CGM RK [Chain armour of Kazakhs from the collection of CSM RK]. Ortalyq muzej enbekteri: muzej isi, arheologija, tarih, derektanu, antropologija, jetnologija, fol'klortanu. Almaty: Balalar adebieti, 2009. Part. II. Pp. 20–32. (In Rus.).
- Alimbai et al., 2009 — *Alimbai N., Ermekbaev Zh., Ibraeva A.* Golovnoj muzej strany: kratkij jekskurs v istoricheskoe proshloe i sovremennost' [Head museum of the country: a brief excursion into the historical past and modernity]. Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. Photo album. Almaty: Oneer, 2009. Pp. 20–29. (In Rus.).

- Alimbai, 2009 — *Alimbai N.* Otandyq muzejdin gylymi-zertteu institutynyn qurylym retindegi martebesini [Museum as scientific-research organization (theoretical ground of scientific status of domestic museums)]. *Studies of the Central Museum: museum affair, archeology, history, source study, anthropology, ethnology, folklore.* Almaty: Balalar adabietini, 2009. Part. II. Pp. 13–19. (In Kaz.).
- Asanova, 2006 — *Asanova S.A.* Central'nyj Gosudarstvennyj muzej v 40–50-e gody XX veka (dejatel'nost' A. Zhirenchina) [The Central State Museum in the 40–50s of the twentieth century (Activities by A. Zhirenshin)]. *Problems of studying and preserving the historical and cultural heritage* "December 14, 2005: Materials of the Republican Scientific and Practical Conference of the Al-Farabi KazNU. Almaty, 2006. Pp. 34–46. (In Rus.).
- Asanova, 2009 — *Asanova S.A.* Osnovnye jetapy istorii muzejnogo dela Kazahstana [The main stages of the history of the museum affair of Kazakhstan]. *Muzeevedenie i istoriko-kul'turnoe nasledie.* Kemerovo. 2009. № 3. Pp. 156–166. (In Rus.).
- Duisenova, 2014 — *Duisenova N.K.* Zhirenshinnin qyzmeti men tagdyry [Activity and fate of A.M. Zhirenshin]. *Bulletin of the Kazakh National University.* 2014. №1 (72). Pp. 166–172. (In Kaz.).
- Ibraeva, 1999 — *Ibraeva A.* Qazaqstanda murazahaj zhujesinin qalyptasuy (1920–1940 zhzh.) [Formation of the museum network in Kazakhstan (1920–1940)]. *Candidate dissertation abstract.* Almaty, 1999. 29 p. (In Kaz.).
- Ibraeva, 2010 — *Ibraeva A.* Qazaqstandagy muzej isi: qalyptasuy men damuynyn tarihi tazhibesi (1831–2006) [Museum business in Kazakhstan: the historical experience of formation and development (1831–2006)]. *Doctoral thesis abstract.* Astana, 2010. 43 p. (In Kaz.).
- Musahanova, 2006 — *Musahanova M.Z.* Iz istorii Central'nogo gosudarstvennogo muzeja respubliki Kazahstan [From the history of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan]. *Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.* Almaty: NAS RK. 2006. № 2. Pp. 93–98 (In Rus.).
- Myakisheva, 2009 — *Myakisheva O.A.* Japonskaja farforovaja chasha iz fondov Central'nogo gosudarstvennogo muzeja RK [Japanese porcelain bowl from the CSM of the Republic of Kazakhstan]. *Studies of the Central Museum: museum affair, archeology, history, source study, anthropology, ethnology, folklore.* Almaty: Balalar adabietini, 2009. Part. II. Pp. 52–56. (In Rus.).
- Qainazarova, 1995 — *Qainazarova A.K.* Muzejnoe delo v Kazahstane (1831–1925 gg.) [Museum business in Kazakhstan (1831–1925)]. *Candidate dissertation abstract.* Almaty, 1995. 24 p. (In Rus.).
- Qapyshev, Sorgakov, 2021 — *Qapyshev A.K., Sorgakov K.S.* Osnovnye jetapy razvitiya muzeev Kazahstana v period nezavisimosti [The main stages of development of the museums of Kazakhstan during the period of independence]. *Nauka i real'nost'.* 2021. № 1 (5). Pp. 132–136. (In Rus.).
- Sanakulova, 2006 — *Sanakulova B.K.* Qazaqstan Respublikasyndagy muzej qurylysy men qyzmeti: (1991–2004) [Museum Construction and Activities in the Republic of Kazakhstan (1991–2004)]. *Candidate dissertation abstract.* Oral, 2006. 30 p. (In Kaz.).
- Satubaldin, 2000 — *Satubaldin A.K.* Muzejnyj mir Kazahstana: osnovnye napravleniya dejatel'nosti [Museum World of Kazakhstan: the main areas of activity]. *Bulletin of KemGUKI,* 2000. No. 52. Pp. 120–129. (In Rus.).
- Taiman, 2000 — *Taiman S.T.* Qazaqstandagy muzej isinin damuy; tazhibeleri men problemalary (1946–1970 zhzh.) [Development of museum affairs in Kazakhstan: experience and problems (1946–1970)]. *Candidate degree thesis.* Karagandy, 2000. 30 p. (In Kaz.).
- Temirton, Kanafina, 2015 — *Temirton G., Kanafina A.* Qazaqstandagy muzej isinin damuy; tazhibeleri men problemalary (1946–1970 zhzh.) [Museum in the context of sociocultural modernization]. *Bulletin of the Abai KazNPU. Historical and socio-political sciences.* 2015. № 4 (47). Pp. 156–160. (In Rus.).
- Tursynbaeva, 2015 — *Tursynbaeva Sh.S.* Restavracija proizvedenij zhivopisi: voprosy sohraneniya (na primere kartiny iz fondov CGM RK) [Restoration of painting works: preservation issues (for example, a picture from the funds of the Central Committee of the Republic of Kazakhstan)]. *Bulletin of the Abai KazNPU.* 2015. № 4. Pp. 143–146. (In Rus.).
- Yermekbayeva, 2022 et al. — *Yermekbayeva A.Sh., Alimbay N.A., Smagulov B.K.* Central State Museum of Kazakhstan: Revisiting the Orenburg Period, 1831–1929. *Oriental Studies.* 2022. 15 (3). Pp. 436–450. (In Rus.).
- Zhasybaev — *Zhasybaev E.A.* Oruzhie vremen Vtoroj mirovoj vojny iz fondov CGM RK [Second World War armour from collections of CSM]. *Studies of the Central Museum: museum affair, archeology, history, source study, antropology, ethnology, folklore.* Almaty: Balalar adabietini, 2009. Part. II. Pp. 38–51. (In Rus.).
- Zhirenshin, 1947 — *Zhirenshin A.* Iz istorii Central'nogo muzeja Kazahstana [From the history of the Central Museum of Kazakhstan]. *Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR.* Almaty: Academy of Sciences, 1947. № 8. Pp. 58–61. (In Rus.).

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бенхур Ч., Жолдасұлы Т.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТҮРІК МЕДИАСЫ.....7

Ван Каппел Г., Томас А.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖӘНЕ ТОТАЛЬДЫ СОҒЫС: ТАБЫСТЫ АЛЬЯНС? (СЫНИ ТАЛДАУ).....16

Қуанбай О.Қ.

ЖАПОНИЯНЫҢ ПОСТБИПОЛЯРЛЫ ЖҮЙЕ ДӘУІРІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ.....26

Нұрмұхамбетов А.А.

XX ҒАСЫР БАСЫНДА ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ

ОҚУЛЫҚТАР ДАЙЫНДАУДАҒЫ РӨЛІ.....41

Ошан Ж., Бөтөнөев Ж.С.

ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚЫТАЙ АРХИВИ

ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ БҰРЫТТАР (ҚЫРҒЫЗДАР) ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР.....53

Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А., Морякова М.Т.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЭЛИТА:

ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕН КӨШПЕЛІ ИМПЕРИЯҒА ДЕЙІН.....68

ТАРИХ

Бижигитова Қ.С. Джемпеисова Ж.М.

XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҒЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ КАЗАҚТАРЫ:

СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....84

Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.К.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ 1940–1950 ЖЫЛДАРДЫҢ

БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....97

Комилов Н., Қасымова, Д.Б., Байжұманова З.Б.

«САДУАҚАСОВШЫЛДЫҚ» МӘНМӘТІНІНДЕГІ КСРО-ДАҒЫ

ТЕРГЕУ ІСІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БҰРМАЛАУШЫЛЫҚТАРЫ (1928–1938).....111

Коньрова А.М.

1860–1890 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ

ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ: ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ.....124

Мұхатова О.Х.

ВЕРНЫЙ ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ.....138

Ташағыл А., Мұқанова Г.Қ.

КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҒЫШ АСТАНАСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ.....154

Шукеева А.Т., Буканова, Р.Г. Утегенов М.З.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЫҢ ИГЕРУ

АУДАНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ.....166

АНТРОПОЛОГИЯ

Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.

«ХАН ОРДАСЫ» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕГІ

ҚҰДЫҚТЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТӘЖІРИБЕСІ.....179

Сакенов С., Бороффка Н.

ҚОЛА ОРАҚ-ШАЛҒЫ – БУРАБАЙ МАҢЫНАН ТАБЫЛҒАН ЗАТ.....194

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

Бенхур Ч., Жолдасулы Т. НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА И ТУРЕЦКАЯ ПРЕССА.....	7
Ван Капель Г., Томас А. СОВРЕМЕННОСТЬ И ТОТАЛЬНАЯ ВОЙНА: УДАЧНЫЙ АЛЬЯНС? (КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ)	16
Куанбай О.К. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ЯПОНИИ В ЭПОХУ ПОСТБИПОЛЯРНОЙ СИСТЕМЫ.....	26
Нурмухамбетов А.А. РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОДГОТОВКЕ УЧЕБНИКОВ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	41
Ошан Ж., Ботоноев Ж.С. СВЕДЕНИЯ О БУРЫТАХ (КЫРГЫЗАХ) В КИТАЙСКИХ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ, ИЗУЧЕННЫХ КАЗАХСКИМИ ВОСТОКОВЕДАМИ.....	53
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т. КОЧЕВАЯ ЭЛИТА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: ОТ РАННЕГО ГОСУДАРСТВА ДО КОЧЕВОЙ ИМПЕРИИ.....	68

ИСТОРИЯ

Бижигитова К.С., Джампеисова Ж.М. ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ И САМОИДЕНТИФИКАЦИИ СЕМИРЕЧЕНСКИХ КАЗАКОВ В КОНЦЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ.	84
Дуйсенова Н.К., Смагулов Б.К. ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ В ПЕРИОД 1940 – НАЧАЛА 1950-Х ГОДОВ.....	97
Комилов Н., Касымова Д.Б., Байжуманов З.Б. ПРЕДВЗЯТОСТЬ МАТЕРИАЛОВ СЛЕДСТВИЯ В СССР В КОНТЕКСТЕ «САДВОКАСОВЩИНЫ» (1928–1938)	111
Коньрова А.М. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В КАЗАХСТАНЕ В 1860–1890-Е ГОДЫ: ИСТОРИКО–ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	124
Мухатова О.Х. ВЕРНЕНСКАЯ МУЖСКАЯ ГИМНАЗИЯ И ЖЕТЫСУСКИЕ ДЕЯТЕЛИ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.....	138
Ташагыл А., Муканова Г.К. СУДЬБА ПЕРВОЙ СТОЛИЦЫ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА.....	154
Шукеева А.Т., Буканова Р.Г., Утегенов М.З. ИСТОРИЯ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ В ЦЕЛИННЫХ РАЙОНАХ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.....	166

АНТРОПОЛОГИЯ

Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э. ПРАКТИКА РЕКОНСТРУКЦИИ КОЛОДЦА В МУЗЕЕ-ЗАПОВЕДНИКЕ «ХАН ОРДАСЫ»	179
Сакенов С., Бороффка Н. БРОНЗОВЫЙ СЕРП-КОСА – НАХОДКА ИЗ ОКРЕСТНОСТИ БУРАБАЯ.....	194

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Benhür Ç., Zholdassuly T. INDEPENDENCE OF KAZAKHSTAN AND THE TURKISH PRESS.....	7
Van Cappel G., Thomas A. MODERNITY AND TOTAL WAR: A SUCCESSFUL MARRIAGE? (A CRITICAL ANALYSIS)	16
Kuanbay O.K. JAPAN'S FOREIGN POLICY IN THE POST-BIPOLAR SYSTEM ERA.....	26
Nurmukhambetov A.A. THE ROLE OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA IN THE PREPARATION OF TEXTBOOKS IN KAZAKH LANGUAGE IN THE EARLY TWENTIETH CENTURY.....	41
Oshan ZH., Botonoev ZH. INFORMATION ABOUT THE BURYTS (KYRGYZ) IN CHINESE ARCHIVE DOCUMENTS STUDIED BY KAZAKH ORIENTALISTS.....	53
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A., Moryakova M.T. NOMADIC ELITE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH STEPPE: FROM THE EARLY STATE TO THE NOMADIC EMPIRE.....	68

HISTORY

Bizhigitova K., Jampeissova ZH. THE PROBLEMS OF IDENTIFICATION AND SELF-IDENTIFICATION OF THE SEMIRECHYE COSSACKS IN THE LATE XIX th – EARLY XX th CENTURIES.....	84
Duisenova N., Smagulov B. THE MAIN ACTIVITIES OF THE CENTRAL STATE MUSEUM IN THE PERIOD BETWEEN 1940S AND EARLY 1950S.....	97
Komilov N., Kassymova D., Baizhumanova Z. BIAS OF INVESTIGATION MATERIALS IN THE USSR IN THE CONTEXT OF "SADVOKASOVSHINA" (1928–1938)	111
Konyrova A. RESETTLEMENT POLICY OF TSARIST RUSSIA IN KAZAKHSTAN IN THE 1860S–1890S: HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS.....	124
Mukhatova O. VERNY MEN'S GYMNASIUM AND ZHETYSU FIGURES OF THE ALASH MOVEMENT.....	138
Tashagyl A., G. Mukanova G. THE FATE OF THE FIRST CAPITAL OF SOVIET KAZAKHSTAN.....	154
Shukeyeva A.T., Bukanova R.G., Utegenov M.Z. EVERYDAY LIFE HISTORY IN VIRGIN LANDS OF THE NORTH KAZAKHSTAN.....	166

ANTHROPOLOGY

Kartaeva T., Daubaev Y., Altynbekova E. THE PRACTICE OF WELL RECONSTRUCTION IN THE «KHAN ORDASY» MUSEUM- RESERVE.....	179
Sakenov S., Boroffka N. THE BRONZE SICKLE-SCYTHE – A FIND FROM THE VICINITY OF BURABAY.....	194

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы

2023. 10(1)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.03.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй